ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ГОРОДА КЫЗЫЛОРДЫ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

«06» ақпан 2026 ж./г.
Қызылорда қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 23
город Кызылорда

К. Куракбаеваға жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын беру туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 1-тармағына, 38-бабына және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 1-тармағының 3), 4) тармақшаларына сәйкес:

1. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Куракбаева Кенжегуль Куракбаевнаға 2025 жылғы 18 наурыз – 2026 жылғы 18 наурыз аралығындағы жұмыс кезеңі үшін 2 (екі) лауазымдық айлықақысы көлемінде сауықтыру жәрдемақысы төлене отырып, 2026 жылғы 09 ақпан – 11 наурыз аралығында 30 күнтізбелік күн мерзімінде жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысы берілсін.

2. Экологиялық дағдарыс аймағы бойынша 2026 жылғы 12 – 20 наурыз аралығында 9 күнтізбелік күнге жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысы берілсін және сауықтыру үшін 1 (бір) лауазымдық айлықақысы көлемінде материалдық көмек көрсетілсін.

3. 2026 жылғы 09 ақпан – 20 наурыз аралығында Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы К. Куракбаеваның еңбек демалысында болуына байланысты оның міндетін атқару Қызылорда облысы бойынша қазынашылық департаментінен өтетін электрондық цифрлық қолтаңбалы банктік құжаттарына бірінші қол қою құқығымен осы бөлім басшысының орынбасары Орынбеков Алмас Нурболатовичке жүктелсін.

Жұмысқа қосылу уақыты: 2026 жылғы 26 наурыз.

Негіздеме: К. Куракбаеваның өтініші.

Қызылорда қаласының
әкімі **Н. Ахатов**

001078